

2013 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 496 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 қаңтарда N 2811 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы N 177 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 13.12.2013 N 177 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабының 5)-тармақшасына, 20-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелерінің 6, 7, 8-тармақтары негізінде, мемлекеттік кепілдіктер жүйесін кеңейту және жұмысқа орналасуда қиыншылық көріп отырған халықтың әр түрлі топтарын қолдау мақсатында, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың көлемі, түрлері, қаржыландыру көздері және нақты жұмыс шарттары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Еңбекақының мөлшері 2013 жылға белгіленген 1 ең төменгі жалақы мөлшерінде бекітілсін.

3. Әкімдіктің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 858 «2012 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5–17–162 тіркеліп, 2012 жылғы 7 ақпанда № 11, 2012 жылғы 14 ақпанда № 13 «Ұлан таңы» газетінде жарияланған) әкімдіктің қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. И б р а е в қ а ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *С. Туленбергенов*
Келісілді:

Ұлан ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы *Т. Закирьянов*
«__» _____ 2012 жыл

Ұлан ауданы бойынша салық басқармасының бастығы *С. Абдрахманов*
«__» _____ 2012 жыл

Ұлан ауданы әділет басқармасының бастығы *Е. Қорабаев*
«__» _____ 2012 жыл

Ұлан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 496 қаулысына қосымша

2013 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың көлемі, түрлері, қаржыландыру көздері және нақты шарттары

№	Ұйымдар аты	Қоғамдық жұмыс түрлері	Атқарылатын жұмыс көлемі	Сұраныс (жарияланған қажеттілік)	Ұсыныс бекітілген	Қаржыландыру көздері бюджет
1	2	3	4	5	6	7

1.

«Аблакет ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аумақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, шаруашылық кітаптарды нақтылау бойынша сұраныстарды жүргізуге көмек, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек

Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, ағарту және сырлау жұмыстары, көпірлерді, 1500 шаршы метр көшелерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, ағаш егу, суару, хат-хабарларды жеткізу

32

32

						ауданының бюджеті
2.	«Айыртау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, шаруашылық кітаптарды нақтылау бойынша сұраныстарды жүргізуге көмек, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек	Күніне 15-20 құжат рәсімдеу, ағарту және сырлау жұмыстары, көпірлерді, 1200 шаршы метр көшелерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, бұлақтардың көзін ашу, хат-хабарларды жеткізу	10	10	Ұлан ауданының бюджеті
3.	«Алмасай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, шаруашылық кітаптарды нақтылау бойынша сұраныстарды жүргізуге көмек, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, ағарту және сырлау жұмыстары, көпірлерді, 1500 шаршы метр көшелерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, ағаш егу, суару, хат-хабарларды жеткізу	35	35	Ұлан ауданының бюджеті
4.	«Азовое ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, шаруашылық кітаптарды нақтылау бойынша сұраныстарды жүргізуге көмек, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, ағарту және сырлау жұмыстары, көпірлерді, 800 шаршы метр көшелерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, бұлақтардың көзін ашу	20	20	Ұлан ауданының бюджеті

5.	«Асу-Бұлақ кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары шаруашылық кітаптарды нақтылау бойынша сұраныстарды жүргізуге көмек, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, ағарту және сырлау жұмыстары, көпірлерді, 1000 шаршы метр көшелерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, бұлақтардың көзін ашу, хат-хабарларды жеткізу	57	57	Ұлан ауданының бюджеті
6.	«Багратион ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, шаруашылық кітаптарды нақтылау бойынша сұраныстарды жүргізуге көмек, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, 1500 шаршы метр көшелерді, көпірлерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту	10	10	Ұлан ауданының бюджеті
7.	«Белогор кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, ағарту және сырлау жұмыстары, көпірлерді, 1000 шаршы метр көшелерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, бұлақтардың көзін ашу, хат-хабарларды жеткізу	20	20	Ұлан ауданының бюджеті

8.	«Бозанбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақты көгалдандыру және көркейту жұмыстары, шаруашылық кітаптарды нақтылау бойынша сұраныстарды жүргізуге көмек, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, ағаш егу, суару, ағарту, сырлау, көпірлерді, 1200 шаршы метр көшелерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту	120	120	Ұлан ауданының бюджеті
9.	«Гагарино ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, Ағарту және сырлау жұмыстары, көшелерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, ағаш егу, суару, су тасқынына қарсы іс-шаралар өткізу	10	10	Ұлан ауданының бюджеті
10	«Егінсу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек	Күніне 15-20 құжат рәсімдеу, 500 шаршы метр көшелерді, көпірлерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, сырлау және ағарту жұмыстары, ағаш егу, суару жұмыстары	22	22	Ұлан ауданының бюджеті

11 «Каменка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу

Күніне 10-15 құжат рәсімдеу, 800 шаршы метр көшелерді, көпірлерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, 15 түп ағаш егу, су ару, хат-хабарлар жеткізу

2

2

						ауданының бюджеті
12	«Қасым Қайсенов кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, шаруашылық кітаптарды нақтылау бойынша сұраныстарды жүргізуге көмек, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, ағаш отырғызу, суару, 1500 шаршы метр аумақты мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту	80	80	Ұлан ауданының бюджеті
13	«Огневка кенті округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек	Күніне 10-15 құжат рәсімдеу, ағарту және сырлау жұмыстары, 700 шаршы метр аумақты, көпірлерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту	30	30	Ұлан ауданының бюджеті
14	«Саратовка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, 1500 шаршы метр көшелерді, көпірлерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, сырлау және ағарту жұмыстары, арықтарды тазалау	12	12	Ұлан ауданының бюджеті
		Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, шаруашылық кітаптарды нақтылау	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, ағарту, сырлау, 700 шаршы метр			

15	«Таврия ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	б о й ы н ш а сұраныстарды жүргізуге көмек, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек	аумақты, көпірлерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, бұлақтардың көзін ашу, 20 түп ағаш егу, суару жұмыстары	50	50	Ұ л а н ауданының бюджеті
16	«Төлеген Тоқтаров ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарларды жеткізу	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, 500 шаршы метр көшелерді, көпірлерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, 20 түп ағаш егу, суару жұмыстары	10	10	Ұ л а н ауданының бюджеті
17	«Тарғын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Елді мекен аумақтарын тазартуға көмек көрсету, аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, шаруашылық кітаптарды нақтылау б о й ы н ш а сұраныстарды жүргізуге көмек, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек, хат-хабарлар жеткізу, мемлекеттік төлемдерді тағайындау жұмыстарына көмек	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, 25 түп ағаш егу, суару , 1500 шаршы метр аумақты, көпірлерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, ағарту және сырлау жұмыстары	50	50	Ұ л а н ауданының бюджеті
18	«Өскемен ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аймақтарды көгалдандыру және көркейту жұмыстары, шаруашылық кітаптарды нақтылау б о й ы н ш а сұраныстарды жүргізуге көмек, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуде көмек	Күніне 20-25 құжат рәсімдеу, 15 түп ағаш егу, суару , 1500 шаршы метр аумақты, көпірлерді мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, ағарту және сырлау жұмыстары	15	15	Ұ л а н ауданының бюджеті

19	Ұлан аудандық ішкі істер бөлімі (келісім бойынша)	Мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен жұмыс, хат-хабарларды жеткізу және аумақтарды тазалау	500 шаршы метр көшелерді, аумақты мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, жайларды ағарту, сырлау, күніне 20-25 құжат рәсімдеуге көмек	35	35	Ұлан ауданының бюджеті
20	Ұлан ауданы бойынша салық басқармасы (келісім бойынша)	Мұрағаттық құжаттармен жұмыс (істеуде көмек, хат-хабарларды жеткізу)	Күніне 15-20 салық хабарламаларын тіркеуде көмек, хат-хабарларды жеткізу	5	5	Ұлан ауданының бюджеті
21	Ұлан ауданының Әділет басқармасы (келісім бойынша)	Мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен жұмыс, хат-хабарларды жеткізу және аумақтарды тазалау	500 шаршы метр аумақты мұздан, қардан, арам шөптерден тазарту, жайларды ағарту, сырлау жұмыстары, күніне 10-15 құжат рәсімдеуге көмек	5	5	Ұлан ауданының бюджеті
	Барлығы			630	630	

Қоғамдық жұмыстың нақты жағдайлары: жұмыс аптасының ұзақтығы 5 күнді құрайды, 8 сағаттық жұмыс күні, 1 сағат түскі үзіліс, 2 демалыс күн беріледі, жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген дәлелді жұмыс істеген уақыты арқылы орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады, жұмыссыздың жеке шотына аудару жолымен жүзеге асырылады; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы жұмыс киімімен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, қоғамдық жұмысты атқару кезінде денсаулықтарына зиян келген жағдайларда келтірілген залалды заңға байланысты төлеп беру, зейнетақы және әлеуметтік ақша аударулар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі. Жұмыссыздардың жекелеген санаттары үшін (әйелдер және отбасылық міндеттері бар тұлғалар, мүгедектер, он сегіз жасқа толмаған тұлғалар) қоғамдық жұмыстардың шарттары сай келген санаттың еңбек шарттарының ерекшеліктерін ескерумен анықталады және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші мен жұмыссыздың арасында жасалатын еңбек шарттарымен қарастырылады.